

2024-2026 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі, «Құрылыс кешені және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі, «Қазақстан құрылысшылар қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі, арасындағы

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМ

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау Министрлігінде тіркелген

«16» қаңтар 2024 г. № 103
Б. Бердіұлы

Астана қаласы

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Қазақстан Республикасының Құрылыс саласының, өнеркәсіптік құрылыс материалдары мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының 2024-26 жылдарға арналған салалық келісімі (бұдан әрі - Келісім) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі - Кодекс), «Кәсіптік одақтар туралы» 2014 жылғы 27 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) Конвенцияларына сәйкес Қазақстан Республикасының Құрылыс кешені мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық ұйымдарының тұрақты және тиімді қызметі мақсатында жасалды. Келісім құрылыс саласының қызметкерлері мен жұмыс берушілері, құрылыс материалдары өндірісі және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық арасындағы әлеуметтік-еңбек және экономикалық қатынастарды реттеудің жалпы қағидаттарын, еңбекке ақы төлеудің жалпы шарттарын, сала қызметкерлеріне еңбек кепілдіктері мен жеңілдіктерін белгілейді, сондай-ақ әлеуметтік әріптестік тараптарының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды. Осы Келісімнің ережелері (тараулары) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 153-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасының Үкіметі, республикалық Кәсіподақтар мен Жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері арасындағы 2024-2026 жылдарға арналған Бас келісімнің негізгі бағыттарына сәйкес келеді.

1.2. Келісімнің тараптары:

- Уәкілетті мемлекеттік органның өкілетті өкілі: **Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі (бұдан әрі - Министрлік);**

- Қызметкерлерден өкілетті өкілі:

- **«Құрылыс кешені және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі - Кәсіподақ);**

- Жұмыс берушілерден өкілетті өкілі:

- **«Қазақстан құрылысшылар қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі (ЗТБ);**

1.3. Келісімнің міндеттері мен принциптері:

- сала ұйымдарының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету;

- өндірістік еңбек үшін жағдай жасау, сала қызметкерлерінің өмір сүру деңгейін арттыру, жаңа жұмыс орындарын сақтау мен құру, қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта оқыту арқылы қызметкерлердің жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу;

- сала ұйымдарында ұжымдық шарттар жасасу бойынша бірыңғай талаптар, қағидалар, тәртіп, әдістемелік тәсілдер мен ұсынымдар әзірлеу;

- өндірісте салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету;

- тараптардың өзара сенімі, ақпарат алмасуы және ынтымақтастығы негізінде әлеуметтік әріптестікті дамыту;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табиғи және мемлекеттік монополиялар субъектілері болып табылатын тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық ұйымдарына, олардың табысты жұмыс істеуі үшін мемлекеттік қолдау.

1.4. Осы Келісімнің күші:

- тиісті қызмет саласының мемлекеттік органдарына;
- саланың мекемелері, кәсіпорындары мен ұйымдарының жұмыс берушілеріне;
- кәсіподақ мүшелері болып табылатын сала мекемелерінің, кәсіпорындарының, ұйымдарының қызметкерлеріне қолданылады.

1.5. Осы Келісімде көзделген әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдіктер кәсіподақ мүшелеріне, сондай-ақ кәсіподақ мүшесі болып табылмайтын, бірақ кәсіподаққа олардың мүдделерін білдіруге уәкілеттік берген және кәсіподақ ұйымының шотына ай сайын жалақысынан кемінде 1% мөлшерінде ақша қаражатын (жарналарды) аударатын қызметкерлерге қолданылады.

1.6. Келісім Тараптары осы ақпарат коммерциялық құпия немесе жария етуге жатпайтын ақпарат болып табылмаған жағдайда, Келісімнің орындалу барысына қатысты әлеуметтік-экономикалық сипаттағы сұратылған мәселелер бойынша бір-біріне толық және дұрыс ақпарат береді.

II. САЛАНЫҢ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚҰЖАТТАРЫН ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІШТЕСТІК ШЕҢБЕРІНДЕ ҚАРАУ ТӘРТІБІ.

2.1. Бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды әлеуметтік әріштестік шеңберінде әзірлеу мен іске асыруды үйлестіруші Министрлік болып табылады

2.2. Министрлік:

1) қызметкерлердің еңбекке, лайықты жалақыға, қауіпсіз еңбек жағдайларына, демалысты ұйымдастыруға, жеңілдіктер мен кепілдіктердің сақталуына конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету бойынша Кәсіподақ пен Жұмыс берушілердің қатысуымен салааралық саясат жүргізеді.

2) нысаналы, ғылыми-техникалық және инновациялық бағдарламаларға мемлекеттік тапсырыс берушінің функцияларын жүзеге асыру кезінде Салалық келісімде белгіленген нормаларды ескере отырып, жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығындарды айқындау бөлігінде баға саясатына қатысады.

3) келісім жасасу және іске асыру жөніндегі келіссөздерге қатысу арқылы әлеуметтік әріштестіктің салалық жүйесін нығайтуға және дамытуға жәрдемдеседі.

4) жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің өкілдерімен бірлесіп Өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың салалық тізімін, сондай-ақ ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және

(немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін әзірлейді және еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның бекітуіне енгізеді.

5) сала ұйымдарына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың табысты жұмыс істеуі үшін мемлекеттік қолдау көрсетеді;

6) салаға инвестициялар, оның ішінде шетелдік инвестициялар тартуға ықпал етеді;

7) саланың әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясының негізгі бағыттарын түсіндіруге және оларды жергілікті жерлерде іс жүзінде жүзеге асыруға қатысады;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шеңберінде отандық құрылыс материалдары индустриясының дамуына барынша ықпал етеді. Заңнамада белгіленген тәртіппен оларды құрылыста басым қолдануға жәрдемдеседі;

9) Кәсіподақ және Жұмыс берушілер өкілдерін алқа отырыстарының, кеңестердің жұмысына, Саланың үздік ұйымын анықтау конкурстарын өткізуге қатысу үшін, сондай-ақ кәсіптік мерекені ұйымдастыру және өткізу үшін тартады.

10) Еңбек сіңірген қызметкерлерді мемлекеттік және салалық наградалармен марапаттау туралы Кәсіподақ пен Жұмыс берушілердің ұсынымдарын қарайды және сала ұйымдарының басшыларын мемлекеттік, салалық наградалармен және атақтармен марапаттауға арналған материалдарды келесілер:

- ұйымда жалақы бойынша берешегінің болмағанда;

- ұйымдағы жалақы мөлшерінің осы Келісімде белгіленген шарттарға сәйкестігінде;

- ауыр және адам өлімімен аяқталған өндірісте жазатайым оқиғалар болмағанда бекітеді.

11) сала қызметкерлерінің жалақы деңгейінің өзгеруін бұқаралық ақпарат құралдарында таратады.

Келісімнің кез келген тарапы бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды әлеуметтік әріптестік шеңберінде әзірлеу, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі бастамашы болуға құқылы.

2.3. Тараптар сала ұйымдарының әлеуметтік-экономикалық қызметін тұрақтандыруға және дамытуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асырады және сала ұйымдарында еңбек заңнамасын, Еңбек құқығы мен халықты жұмыспен қамту нормаларын қамтитын өзге де нормативтік құқықтық актілерді сақтау, сондай-ақ анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде заңнамада белгіленген шараларды қабылдайды;

2.4. Осы салалық келісіммен Тараптар іс-әрекеттерді мынадай тәртіппен жүзеге асыруға уағдаласты:

1) Салалық комиссия әлеуметтік әріптестік тараптарымен келісім бойынша «әлеуметтік әріптестік жөніндегі салалық комиссия туралы Ережені» бекітсін. Салалық комиссия қатысушыларының дербес құрамын әрбір Тарап

тепе-теңдік негізде дербес қалыптастырады. Саланың бағдарламалық және стратегиялық құжаттарының мазмұны жөніндегі ұсыныстарды Салалық комиссия қарайды және бекітеді;

2) келісілген ұстанымды түпкілікті тұжырымдау мақсатында Салалық комиссия келіссөздер мен өзара консультациялар жүргізеді;

3) ұйымдардың қажеттіліктерін ескере отырып, сала үшін жұмысшы кадрларды даярлау бағдарламасын әзірлейді;

4) сала ұйымдарының перспективалық даму және бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағдарламаларын іске асыруға ықпал етеді.

III. ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІКТІ ДАМУ ЖӘНЕ САЛАДАҒЫ ДИАЛОГ

3.1. Тараптар:

1) Әлеуметтік және экономикалық дамудың және саладағы әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеудің негізгі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде әлеуметтік әріптестікті одан әрі дамытуды, оның мүмкіндіктерін неғұрлым тиімді пайдалануды қамтамасыз ету қажеттігі туралы;

2) әлеуметтік әріптестіктің негізгі мақсаттары еңбек жанжалдарының алдын алу, жұмыскерлерге олардың құқықтарын түсіндіру, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу практикасын талдау және жетілдіру және әлеуметтік әріптестік пен ұжымдық-шарттық реттеу қағидаттарын енгізу болып табылатынын;

3) салалық деңгейдегі әлеуметтік әріптестікті, оның ішінде Тараптардың мүдделерін келісуді реттеу Салалық комиссиямен консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен қамтамасыз етілетінін;

4) Салалық комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде Салалық келісімді әзірлеуге және қабылдауға қатысады және бекітілген Ережеге және жұмыс жоспарларына сәйкес әрекет етеді. Салалық комиссияның шешімдері келіссөздерде барлық тараптардың келісіміне қол жеткізу негізінде ғана қабылданады және тиісті хаттамалармен ресімделеді;

5) жыл ішіндегі жұмыс нәтижелері бойынша кәсіби мерекелерге қорытынды жасай және жеңімпаздарды марапаттай отырып, «Саланың үздік ұйымы» Конкурсын өткізуге;

6) сала қызметкерлерінің жоғары білікті еңбегінің беделін арттыру, еңбек өнімділігін арттыру, олардың жетістіктері мен озық тәжірибесін насихаттау мақсатында өзге де іс-шараларды жүргізуге;

7) заңнамада және осы Келісімде белгіленген қызметкерлер мен олардың отбасыларына әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктердің орындалуын қамтамасыз етуге және ұжымдық шарттар жасасу кезінде осы кепілдіктер мен жеңілдіктердің тізбесін кеңейтуде қызметкерлер мен жұмыс берушілердің құқықтарын шектемеуге;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасын мүлтіксіз сақтау, әлеуметтік жауапкершілік, өзара құрмет қағидаттарын басшылыққа ала отырып, жанжалды

жағдайларды шешу кезінде Тараптар әзірлеген нормативтік актілерді басшылыққа алуға және тануға;

9) ұжымдық еңбек дауларының туындауына әкеп соғуы мүмкін себептер мен мән-жайларды жою жөнінде ескерту шараларын қабылдауға;

10) сала ұйымдарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестерді құруға. Еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша, сондай-ақ жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбектің қорғалуына тексеру жүргізу бойынша кәсіподақтармен бірлескен іс-қимылдар жүргізуге;

11) ерекше көзге түскен сала қызметкерлерін келесі көтермелеулерге:

- «Еңбек ардагері», «Электр энергетикасы саласына қосқан үлесі үшін» медальдарына;

- «Құрметті құрылысшы», «Еңбек сіңірген энергетик», «Құрметті энергетик», «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының құрметті қызметкері», «Экология саласының үздігі», «Құрметті автокөлікші», «Үздік автокөлікші» ведомстволық төсбелгілерге;

- Салалық министрліктердің Құрмет грамоталарына;

- Қазақстан Республикасы кәсіподақтар Федерациясының «Кәсіподақтарға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісіне, құрмет грамотасына;

- салалық кәсіподақтың «Елеулі еңбегі үшін» төсбелгісі, Құрмет грамоталары, ақшалай сыйлықтар және естелік сыйлықтарға;

- «Атамекен» ҚР ҰКП үш дәрежелі төсбелгісі, Құрмет грамоталары және естелік сыйлықтарға;

- Қазақстан құрылысшылар қауымдастығының «Даңқты құрылысшы» төсбелгісіне, Құрмет грамоталарына, естелік сыйлықтарға ұсынуға уағдаласты.

3.2. Тараптар әлеуметтік әріптестікке:

1) Салалық комиссияның жұмысына атсалысу;

2) келісімдер мен ұжымдық шарттардың жобаларын әзірлеу және оларды жасасу;

3) еңбек қатынастарын және олармен тікелей байланысты өзге де қатынастарды реттеу, жұмыскерлердің еңбек саласындағы құқықтарының кепілдіктерін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзара консультациялар (келіссөздер) жүргізу;

4) Кодексте, ұжымдық шартта және ұйымның жарғысында көзделген өкілеттіктер шеңберінде қызметкерлердің немесе олардың өкілдерінің ұйымды басқаруға қатысуын қамтамасыз ету арқылы қатысады.

3.3. Тараптар өкілдерінің Келісімді жасасу, өзгерту, толықтыру жөніндегі келіссөздерге қатысудан жалтаруы немесе Келісімге қол қоюдан негізсіз бас тартуы, келіссөздер жүргізу мерзімдерін бұзуы және тиісті комиссияның жұмысын қамтамасыз етпеуі, келіссөздер жүргізу және Келісімнің ережелерінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты ұсынбауы, сол сияқты оның талаптарын бұзуы немесе орындамауы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

3.4. Министрлік пен Жұмыс берушілер Кәсіподақтың Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының сақталуы бойынша қоғамдық бақылауды жүзеге асыру құқықтарын заңнамада және келісімде бекітілген шарттарда және тәртіппен таниды.

3.5. Мақсаты кәсіподақтарды қандай да бір органдар мен ұйымдарға тікелей немесе жанама бағындыру немесе олардың құқықтарын шектеу болып табылатын, сондай-ақ «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және кәсіподақтардың жарғысында көзделген олардың қызметіне кедергі келтіретін кез келген іс-әрекеттерге тыйым салынады.

3.6. Кәсіподақтар жұмыс берушілерді сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелері туралы хабардар етуі қажет.

3.7. Негізгі жұмысынан босатылмаған сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелері өздері мүшелері болып табылатын кәсіподақ органының уәжді пікірінсіз тәртіптік жазаға тартылмайды. Негізгі жұмысынан босатылмаған кәсіподақ органының басшысын (төрағасын) жоғары тұрған кәсіподақ органының уәжді пікірінсіз тәртіптік жауаптылыққа тартуға болмайды. Кәсіподақ органының уәжді пікірі жұмыс берушіге жұмыс берушінің өтініші келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде беріледі.

3.8. Заңды тұлға таратылған не жұмыс берушінің қызметі тоқтатылған жағдайлардан басқа, негізгі жұмысынан босатылмаған, сайланбалы кәсіподақ органдарының төрағасымен және мүшелерімен еңбек қатынастарын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзуға осы адамдар мүшелері болып табылатын кәсіподақ органының уәжді пікірі ескеріле отырып, еңбек шартын бұзудың жалпы тәртібі сақталған кезде жол беріледі.

3.9. Заңды тұлға таратылған не жұмыс берушінің қызметі тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, негізгі жұмысынан босатылмаған кәсіподақ органының басшысын (төрағасын) жоғары тұрған кәсіподақ органының уәжді пікірінсіз жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан босатуға болмайды.

3.10. Кәсіподақтарға мүше болу азаматтардың Қазақстан Республикасының заңдарында кепілдік берілетін еңбек, әлеуметтік-экономикалық, саяси, жеке құқықтары мен бостандықтарында қандай да бір шектеулерге немесе артықшылықтарға әкеп соқпайды.

3.11. Жұмысқа қабылдау, жұмыста жоғарылату, сондай-ақ еңбек шартын өз бастамасы бойынша бұзу кезінде кемсітушілікке тыйым салынады жұмыс берушінің қызметкердің кәсіподаққа тиесілілігі, оған кіруі немесе одан шығуы себебінен бас тартуы мүмкін.

3.12. Адамдарға қауіп төндіріп немесе басқа да заңсыз іс-әрекеттермен оларды кәсіподаққа кіруден қалыс қалуға, бір кәсіподақтан шығып, екіншісіне кіруге не кәсіподақты өз бетінше таратуға мәжбүр етуге ықпал етуге тыйым салынады.

3.13. Кәсіподақ органдарына сайланған , босатылған кәсіподақ қызметкерлерінің жұмыс уақыты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жалпы және арнайы стажға есептеледі.

3.14. Бастауыш кәсіподақ ұйымының органына сайланған босатылған штаттық кәсіподақ қызметкерлері ұйымның ұжымдық шартына сәйкес басқа қызметкерлер сияқты әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктерді пайдаланады.

3.15. Жұмыс берушілер:

- құрылымдарының заңмен белгіленген құқықтары мен кепілдіктерін сақтайды;

- белгіленген тәртіпті сақтай отырып, осы Келісімде көзделген міндеттемелерді орындау үшін кәсіподақтың, оның филиалдары мен өкілдіктерінің, Кәсіподақтың өзге де жергілікті ұйымдарының өкілдеріне кәсіподақ мүшелері және олардың жұмыс орындары жұмыс істейтін ұйымдарға баруға кедергі келтірмейді;

- Тараптардың келісімі бойынша қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің демалысын және сауықтырылуын ұйымдастыру үшін материалдық ресурстар, техникалық құралдар мен жылжымайтын мүлік объектілері Кәсіподаққа өтеусіз пайдалануға береді;

- кәсіподақ органдарының мүшелерін кәсіподақ оқуы, кәсіподақтар шақыратын съездерге (конференцияларға) делегаттар ретінде қатысуы кезінде, сондай-ақ олардың алқалы басқару органдарының жұмысына көзделген шарттар мен тәртіп бойынша өз мүшелерінің мүдделеріне орай қоғамдық міндеттерді орындау үшін негізгі жұмыстан босатады.

- кәсіподақ органдарына сайланбалы лауазымдарға сайлану салдарынан жұмыстан босатылған адамдарға олардың өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін бұрынғы жұмысын (лауазымын), ал ол болмаған кезде сол ұйымдағы басқа оған теңестірілген жұмыспен (лауазыммен) қамтамасыз етеді;

- ұйымның сайланбалы кәсіподақ органдарына, оның ішінде бастауыш ұйымға сайланған қызметкерлерге ұйымның қызметкерлеріне көзделген әлеуметтік-еңбек құқықтары мен жеңілдіктерін ұсынады, сондай-ақ, жұмыс уақытында қоғамдық жұмыстарды орындау үшін, оның ішінде келісім комиссиясының мүшелеріне, техникалық инспекторларға ұжымдық шарттарда белгіленген жұмыс орындары мен еңбекақысы сақтала отырып, уақыт береді;

- кәсіподақтың бастауыш ұйымының органдарына сайланған босатылған кәсіподақ қызметкерлеріне ұжымдық шарттарда тиісті ережелер болған кезде ұйым қызметкерлеріне көзделген әлеуметтік-еңбек құқықтары мен жеңілдіктерін ұсынады;

- Кәсіподаққа, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне, жергілікті және бастауыш ұйымдарға, олардың алдын ала өтініші бойынша отырыстар өткізу үшін тегін үй-жай береді, сондай-ақ ақпаратты көпшілікке қолжетімді жерде орналастыру мүмкіндігін өтеусіз береді;

- кәсіподақ мүшелеріне кәсіподақ жарғысында белгіленген кезеңділікпен және ұжымдық шарттарда белгіленген тәртіппен жұмыс уақытында еңбекақысын сақтай отырып, жиналыстарды еркін өткізу құқығын береді;

- осы Келісімді сала ұйымдарында іске асыру үшін жағдайлар жасайды, ұсыныстарды қарайды, келіссөздер, консультациялар жүргізеді және ұйымдардың қызметкерлерімен олардың кәсіподақ өкілдері тұлғасында ұжымдық шарттар жасасады және Кодексте көзделген тәртіппен және шарттарда өзге де міндеттерді орындайды;

- еңбек құқығының нормаларын қамтитын жергілікті нормативтік актілерді, оның ішінде еңбекке ақы төлеу, үстемеақылар мен қосымша ақылар туралы, оның ішінде ауыр жұмыстарда істейтін, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыскерлер үшін тәртіпті және (немесе) ережені айқындайтын, сондай-ақ Кодекстің, осы Келісімнің және Ұжымдық шарттың талаптарында айқындалған жағдайларда кәсіподақтың пікірін ескере отырып, разрядаралық коэффициенттерді белгілеу туралы актілерді бекітеді;

- жұмыскерлерді осы Салалық келісімнің бар екендігі туралы хабардар етеді, оларды ұжымдық шартпен және оған қосымшалармен, олардың қолданылу тәртібімен, сондай-ақ олардың әлеуметтік-еңбек құқықтары мен функционалдық міндеттеріне қатысы бар жұмыс берушінің актілерімен таныстырады;

- мүшелік кәсіподақ жарналарын қызметкердің жазбаша өтініші негізінде ұйымның бухгалтериясы арқылы есептелген айлық жалақыдан ай сайын ұстап қалуға және айдың бірінші онкүндігінен кешіктірмей кәсіподақтың есеп шотына аударуға міндеттенеді;

- мыналарды:

- 1) лайықты және әділ жалақыны;
- 2) тиісті ұйымдар қызметінің түпкілікті нәтижелеріне жұмыскерлердің қосқан үлесіне сәйкес нақты жалақының өсуін;
- 3) сау және қауіпсіз еңбек жағдайларын;
- 4) қызметкерлерді жұмыспен қамтуды;
- 5) қызметкерлердің біліктілігін және кәсіби шеберлігін арттыруды;
- 6) әлеуметтік саланы реформалауды ескеретін корпоративтік әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қабылдайды.

- туындаған еңбек даулары (қақтығыстар), жаппай қысқартулар, ереуілдер, әлеуметтік әріптестік жүйесінің жай-күйін бағалау үшін елеулі маңызы бар өзге де мән-жайлар туралы қолда бар ақпаратты кәсіподаққа жеткізеді;

- сала үшін кадрлар даярлауға оқу орындарымен шарттар жасасады, онда өз ұйымдарында түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша міндеттемелерді өзіне алады;

- осы Келісімде белгіленген тәртіппен әлеуметтік әріптестік саласында қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыруға және қызметкерлердің конституциялық құқықтарын қорғауды нығайтуға қатысады;

- сала үшін кадрлар даярлауға арналған оқу орындарымен шарттар жасасады, онда өз ұйымдарында түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша міндеттемелерді өзіне алады.

- осы Келісімде белгіленген тәртіппен әлеуметтік әріптестік саласында қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыруға және қызметкерлердің конституциялық құқықтарын қорғауды нығайтуға қатысады;

- медициналық қорытындыға сәйкес жылдың жазғы кезеңінде сауықтыруды талап ететін қызметкерлерге демалыс кестесінде белгіленген мерзімдерге қарамастан, санаторлық-курорттық емделу кезеңіне еңбек демалысы берілсін.

- қызметкерлер санының немесе штаттың қысқаруына байланысты заңнамада жалпыға бірдей белгіленген зейнеткерлік жасқа (2 жасқа дейін) жетпеген қызметкерлерді жұмысқа орналастыру мүмкіндігі болмаған кезде ұжымдық шарттарда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделгеннен анағұрлым жоғары шығу жәрдемақысын төлеу көзделсін.

- кәсіподаққа материалдық ресурстарды, үй-жайларды, көлік құралдарын, байланыс құралдарын (оның ішінде Интернеттің электрондық ақпараттық жүйелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету) ұйымдастыру техникасын өтеусіз пайдалануға беруге, жабдықтарды, үй-жайларды жөндеуге міндеттенеді;

- Еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзған кезде кәсіподақ органының дәлелді қорытындысынсыз кәсіподақ мүшелері тәртіптік жазаға тартылуы мүмкін емес.

3.16. Жұмыс беруші спорттық, мәдени-бұқаралық іс-шараларды қаржыландыруды, балалар мекемелеріне (мектеп, балабақша, балалар үйі, спорт клубы және басқалары) қамқорлық көмек көрсетуді, мұқтаж қызметкерлерге материалдық көмек көрсетуді осы мақсаттар үшін бастауыш кәсіподақ ұйымының шотына ұйымның еңбекақы төлеу қорының кемінде 1% - ы мөлшерінде аударуды көздей отырып жүзеге асырады.

3.17. Кәсіподақтар:

1) Тараптарға осы Келісімді іске асыруға, сала жұмысының тұрақтылығын және тиімділігін арттыруға, жаңа техниканы енгізуге, еңбек тәртібін нығайтуға, сала ұйымдарының пайдалы жұмысын қамтамасыз етуге жәрдемдеседі;

2) жұмыскерлердің еңбек тәртіптемесі мен еңбек тәртібін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларын сақтау мәселелері бойынша, қолданыстағы еңбекке ақы төлеу жүйелерін түсіндіру жұмыстарын жүргізеді және олармен тұрақты әлеуметтік диалог негізінде қарым-қатынастар орнатады;

3) Келісімде немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен сала ұйымдарында еңбек заңнамасының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;

4) Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес құрамында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жай-күйіне тексерулер, өндірістік жарақаттанудың алдын алу және еңбекті қорғау жөніндегі қауіпсіздік

және еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету жөнінде жұмыс берушілермен бірлескен іс-қимылдар жүргізеді;

5) Кәсіподақтың сайланбалы органының мүшелерінде семинарлар өткізу жолымен немесе «еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» бағдарламасы бойынша тиісті оқыту сертификаттары болған кезде, сондай-ақ жергілікті жерлерде және ұйымдарда оқу материалымен жарақтандырылған қауіпсіздік техникасы бойынша оқу сыныптары болған кезде техникалық еңбек инспекторларын оқыту жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және жетілдіреді;

6) Тараптар Келісім бойынша өздеріне қабылдаған міндеттемелерді орындаған жағдайда, Келісімнің қолданылу кезеңінде еңбек жанжалдарына, ереуілдерге және жұмыстарды тоқтатуға (тоқтата тұруға) жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды;

7) салауатты өмір салтын насихаттау, жұмыскерлердің, аз қамтылған отбасылардың, жұмыс істейтін мүгедектердің профилактикалық медициналық қарап-тексерулерін қамтамасыз ету бойынша, сондай-ақ қызметкерлер балаларының санаторий-курорттық емделуін, демалысын және сауықтырылуын ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізеді;

8) кәсіподақ мүдделерін білдіретін жұмыскерлердің ереуілдерді, бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттер мен демонстрацияларды ұйымдастыру мен өткізудің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртібін сақтауын қамтамасыз етеді, жұмыс берушілерді кәсіподақтардың алқалы органдары қабылдайтын шешімдер туралы уақтылы хабардар етеді және оларға жоспарланған ұжымдық іс-қимылдар туралы ескертеді;

9) кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді, оларға құқықтық және консультативтік көмек көрсетеді;

10) кәсіподақтар мүшелері арасында олардың құқықтық сауаттылығын арттыру, оның ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының негіздері, келіссөздер жүргізу білігін дамыту және еңбек дауларында консенсусқа қол жеткізу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

11) кәсіптік одақ органына жұмыс берушімен өзара қарым-қатынастарда өздерінің мүдделерін білдіруге уәкілеттік берген кәсіптік одақ мүшелері болып табылмайтын жұмыскерлердің мүдделерін білдіреді;

12) сала қызметкерлерін әлеуметтік-еңбек қатынастары мәселелері бойынша қабылданатын шаралар мен шешімдер туралы хабардар етеді;

13) Еңбек және әлеуметтік-экономикалық мәселелерге байланысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау және қарау жөніндегі комиссиялардың, жұмыс топтарының жұмысына қатысады;

14) жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісу комиссияларының, сондай-ақ ұжымдық еңбек дауларын қарау кезінде бітімгерлік комиссияларының және еңбек төрелігінің құрамына қатысады;

15) қаржылық мүмкіндіктерге сүйене отырып, осы Салалық келісімнің 3.15-тармағының міндетті орындалуын ескере отырып, қызметкерлер арасында,

сондай-ақ халықаралық және республикалық деңгейлерде дене шынықтыру-спорт және мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырады.

IV. ӘЛЕУМЕТТІК-ЕҢБЕК ЖАНЖАЛДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ЕРЕУІЛДЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БОЛҒЫЗБАУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР

4.1. Тараптар Келісімнің қолданылу кезеңінде ұжымдық еңбек даулары мен ереуілдердің туындауына әкеп соғуы мүмкін себептер мен мән-жайларды жою жөнінде алдын алу шараларын қабылдауға уағдаласты.

4.2. Қауіпті өндірістік объектілерге жатқызылған ұйымдарда Тараптар еңбек дауларын тек қана татуластыру рәсімдері арқылы шешуге және кейіннен заңсыз деп танылуы мүмкін іс-әрекеттерге жол бермеуге міндетті. Осы мақсатта:

4.3. Министрлік әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссияның жұмысы шеңберінде республикада немесе оның жекелеген өңірлерінде әлеуметтік тұрақтылықтың нашарлауының әлеуетті себептері болып табылатын сала ұйымдарындағы әлеуметтік-экономикалық ахуалдың үрдістерін талқылайды.

4.4. Жұмыс берушілер:

1) Кодексте және ұйымдардың ішкі актілерінде көзделген тәртіппен және шарттарда ұйымдардың жұмыскерлерімен тікелей де, олардың өкілдері арқылы да түсіндіру жұмыстарын жүргізеді, ұсыныстарды қарайды, әлеуметтік-еңбек мәселелері бойынша келіссөздер мен консультациялар жүргізеді;

2) мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдармен Еңбек және өндірістік қатынастар бойынша жұмысты ұйымдастырады;

3) еңбек дауларын сотқа дейін реттеу тетіктері ретінде медиация институттары мен омбудсменді тартады.

4.5. Кәсіподақтар:

1) жұмыс берушілерге еңбек тәртібін нығайту мәселелерінде жәрдемдеседі, ұжымдық шарттардың ережелерін түсіндіреді;

2) ұжымдық еңбек дауларын шешу кезінде татуластыру рәсімдерін, еңбек төрелігін, делдалдықты барынша пайдаланады;

3) кәсіподақтардың алқалы органдарының шешімдері туралы жұмыс берушілерді хабардар етеді, жоспарланып отырған ұжымдық іс-қимылдар туралы уақтылы ескертеді;

4) өз бастамасы бойынша жұмыс қарқынын төмендетуге, ереуіл қозғалыстарын ұйымдастыруға және өндірістің қалыпты барысының өзгеруіне әкелетін өзге де бұзушылықтарға жол бермейді. Төтенше сипаттағы алдын алу шараларын (аштық жариялау, жұмыстарды тоқтату және (немесе) тоқтата тұру, жұмысқа шықпау және т.б.) жұмыскерлер, жұмыскерлердің өкілдері қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда және негіздер бойынша татуластыру рәсімдері жүргізілгеннен кейін ғана қабылдауы мүмкін.

V. ЕҢБЕККЕ АҚЫ ТӨЛЕУДІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ ЖӘНЕ АУЫР ЖҰМЫСТАРДА, ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ ЗИЯНДЫ ЖӘНЕ НЕМЕСЕ (ҚАУІПТІ) ЖҰМЫСТАРДА ІСТЕЙТІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚОСЫМША АҚЫ БЕЛГІЛЕУДІҢ БІРІҢҒАЙ ТӘРТІБІ

5.1. Тараптар өндіріс тиімділігінің өсуі есебінен сала қызметкерлерінің кірістерін арттыруға бағытталған саясатты жүргізу үшін өзара қажеттілік пен жауапкершілікті мойындайды.

5.2. Тараптар бұл туралы келісті:

1) еңбекке ақы төлеу, сыйлықақы беру жүйесін және еңбекті ынталандырудың басқа да нысандарын белгілеу және қайта қарау туралы ережелер ұжымдық шарттардың талаптарында және (немесе) жұмыс берушінің актілерінде айқындалады;

2) еңбекке ақы төлеу жүйесі біржолғы ынталандырушы төлемдерді есепке алмағанда, жұмыскерлер жалақысының кемінде 75 пайызы болатын негізгі жалақы үлесін қамтамасыз етуге тиіс;

3) жұмыскердің айлық тарифтік мөлшерлемесінің (айлықақысының) ең төмен мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген айлық жалақының ең төмен мөлшерінен кем болмауға тиіс.

5.3. Жұмыс беруші:

- ұжымдық шартта (немесе осы салалық келісімде ҚР ЕК-нің 20-бабы нормасын сақтай отырып, ұйымдарда ұжымдық шарт болмаған кезде) белгіленген тәртіппен атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және еңбек жағдайларына қарамастан барлық қызметкерлердің жалақысын ҚР Үкіметімен белгіленген өткен жыл үшін айқындалған инфляция пайызынан кем емес мөлшерде жыл сайынғы индекстеуді жүргізеді;

- ұқсас жұмыстарды және бірдей біліктілікті орындау кезінде шетелдік және отандық қызметкерлер арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеуді қамтамасыз етеді;

- еңбек, ұжымдық шарттарда және (немесе) жұмыс берушінің актілерінде бірінші разрядты құрылыс саласы қызметкерінің айлық жалақысының немесе айлық тарифтік ставкасының мөлшерін, ең төменгі жалақы мөлшерінің (3,55 ЕТЖ) кемінде 3,55 (үш бүтін елу бес жүзден) деңгейінде белгіленуін қамтамасыз етеді; ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда жұмыс істейтін қызметкерлер үшін – салалық келісімдермен бекітілген салалық коэффициенттерге көбейтілген ең төменгі жалақының 3,55 (үш бүтін елу бес жүзден бір бөлігі) мөлшерінде.

- бірінші разрядты тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласы қызметкерінің айлық жалақысының мөлшерін немесе айлық тарифтік ставкасын еңбек, ұжымдық шарттарымен және жұмыс берушінің актілерімен ең

төменгі жалақының кемінде 1,5 (бір жарым) (1,5 ЕТЖ) мөлшері деңгейінде белгілеуді қамтамасыз етеді; ауыр жұмыстармен, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстармен айналысатын қызметкерлер үшін – салалық келісімдермен бекітілген салалық коэффициенттерге көбейтілген ең төменгі жалақының 1,5 (бір жарым) (1,5 ЕТЖ) мөлшерінде.

- келісімдер мен ұжымдық шарттар жасасу (қайта жасасу), оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде жұмыскерлерге бұрын белгіленген жалақы мөлшерлерінің, әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдіктердің төмендеуіне жол бермейді;

- еңбек, ұжымдық шарттарда және (немесе) жұмыс берушінің актілерінде:

- жұмыс берушіге және жұмыскерге байланысты емес себептер бойынша бос тұрып қалу уақытына – жұмыскердің орташа жалақысының кемінде 50 пайызы мөлшерінде, жұмыс берушінің кінәсінен болған тұрып қалу кезінде – жұмыскердің орташа жалақысының кемінде 75 пайызы мөлшерінде ақы төлеу деңгейін;

үстеме жұмыс үшін (еңбекке уақытына қарай ақы төлеу кезінде), мереке және демалыс күндері, түнгі уақытта – қызметкердің тәуліктік (сағаттық) мөлшерлемесін негізге ала отырып, кемінде екі есе мөлшерде еңбекақы төлеу деңгейін; үстеме жұмыс үшін (еңбекке кесімді ақы төлеу кезінде) – қызметкердің белгіленген күндік (сағаттық) ставкасының кемінде 100 пайызы мөлшерінде қосымша ақы төлеу деңгейін;

- лауазымдарды қоса атқару, қызмет көрсету аймағының кеңеюі және уақытша болмаған қызметкердің міндеттерін атқару (алмастыру) кезінде, егер бұл қызметкердің қазіргі жағдайын нашарлатпайтын болса, алмастырылатын қызметкердің белгіленген лауазымдық жалақысының кемінде 50 пайызы мөлшерінде қосымша ақы төлеу деңгейін белгілеуге жәрдемдеседі.

5.4. Жұмыс берушінің кінәсінен үстеме жұмыс, мереке және демалыс күндеріндегі жұмыс уақытына ақы төлеу, түнгі уақыттағы еңбекке ақы төлеу, бос тұрып қалу уақытына ақы төлеу Ұжымдық шарттың және (немесе) жұмыс беруші актісінің талаптарына сәйкес мөлшерде, бірақ Кодексте көзделген мөлшерден төмен емес мөлшерде жүргізіледі.

5.5. Қызметкердің жалақысынан ұстап қалу сот шешімі бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жүргізіледі. Жалақы толық көлемде және еңбек заңнамасында көзделген мерзімдерде төленбеген жағдайда, жұмыс беруші жұмыскерге төлем кешіктірілген кезең үшін берешек пен өсімпұл төлейді;

5.6. Тиісті біліктілігі бар қызметкер үшін кадрларды ұтымды орналастыруды және пайдалануды қамтамасыз ету үшін техниканың, технологияның, өндіріс пен еңбекті ұйымдастырудың қол жеткізілген деңгейіне сәйкес әртүрлі жұмыстарды орындауға жұмсалатын еңбек шығындарының

негізделген нормалары (уақыт, өндірім, еңбек сыйымдылығы, қызмет көрсету, сан нормалары) белгіленеді. Жұмыс беруші еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен жаңа еңбек нормаларын әзірледі, енгізуді, қолданыстағы еңбек нормаларын ауыстыруды және қайта қарауды жүргізеді.

5.7. Жүйелерді, қызметкерлерге еңбекақы төлеу мөлшерін, материалдық көтермелеуді, өтемақы сипатындағы төлемдерді, сондай-ақ өзге де төлемдерді белгілеу мен өзгертудің барлық мәселелері сайланбалы кәсіподақ органымен келісу жолымен шешіледі.

5.8. Ұжымдық (еңбек) шартында, осы Келісімде айқындалған қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу талаптары Кодексте белгіленгеннен төмен болмауға тиіс.

5.9. Атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және еңбек жағдайларына қарамастан барлық қызметкерлердің жалақысының мөлшері жыл сайын ҚР Үкіметі айқындайтын инфляцияның өткен жылы белгіленген пайызынан кем емес шамаға индекстелуге тиіс.

5.10. Ұжымдық шарттарда әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктердің мынадай түрлері көзделуі мүмкін:

- материалдық көмек;
- қызметкерлерге медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру;
- мемлекеттік наградаларға, мемлекеттік наградаларға жатпайтын ерекшелік белгілеріне, сондай-ақ ұйым ішіндегі басқа да көтермелеу түрлеріне ие болған қызметкерлерді біржолғы көтермелеу;
- мерекелік күндер мен кәсіби мерекелерге, мерейтойлық күндерге және құрметті демалысқа кетуге орайластырылған қызметкерлерді біржолғы көтермелеу;
- қызметкерлерге берілетін аванстар, несиелер (қарыздар);
- жұмыскерлерге сауықтыруға берілетін әлеуметтік жеңілдіктер (не ақылы жыл сайынғы еңбек демалысына материалдық көмек түрінде, не емделуге және демалуға жолдамалар беру түрінде);
- өндірістік жарақат алған, денсаулығының кенеттен нашарлауы немесе улануы салдарынан қызметкердің еңбекке қабілеттілігінен уақытша немесе тұрақты жоғалтуға әкеп соқтырған өндірістегі жазатайым оқиғалар кезінде біржолғы жәрдемақы төлеу, ал қайтыс болған жағдайда – қызметкердің асырауындағы адамдарға 2 (екі) жылдық орташа жалақысы мөлшеріндегі біржолғы жәрдемақы төлеуді жүргізу; мүгедектік белгіленген жағдайда – 1 жылдық орташа жалақысының мөлшерінде жәрдемақы төлеуді жүргізу;
- ұйымның қаржылық мүмкіндігіне қарай әлеуметтік қолдаудың өзге де түрлері.

Саладағы ең төменгі тарифтік мөлшерлемелер

5.11. Тараптар 8 разрядтық тор бойынша тарифтік коэффициенттер негізінде Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына сәйкес жұмыстарды тарифтеуді, жаңа еңбек нормаларын қайта қарауды және енгізуді, жұмысшыларға біліктілік разрядтарын беруді жүргізуге уағдаласты (1-кесте).

Құрылыс кешені және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарының қызметкерлері үшін сметалық тарифтік ставкалар:

1-кесте

Тарифтік разрядтар	1	2	3	4	5	6	7	8
Тарифтік коэффициенттер	1,000	1,195	1,428	1,706	2,039	2,437	2,912	3,480

Ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін сала қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу еңбек жағдайлары қалыпты жұмыстарда істейтін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеумен салыстырғанда жоғары лауазымдық айлықақылар (мөлшерлемелер) немесе қосымша ақылар белгілеу арқылы белгіленеді, олардың мөлшері ұжымдық шартта немесе жұмыс берушінің актісінде еңбек жағдайларын зияндылығы мен қауіптілігі дәрежесі бойынша жіктейтін салалық коэффициенттер ескеріле отырып айқындалады.

5.12. Ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу Өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізіміне, сондай-ақ еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған Ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесіне сәйкес белгіленеді.

5.13. Салалық коэффициенттер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген нормаларға сәйкес зияндылық дәрежесі бойынша жіктелетін еңбек жағдайларына сәйкес келетін мөлшерде белгіленеді.

Разрядаралық коэффициенттердің шекті мәндері және ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлерге қосымша ақы белгілеудің бірыңғай тәртібі.

5.14. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс және құрылыс материалдарын өндіру ұйымдарында ауыр жұмыстарға, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстарға ақы төлеудің салалық арттырушы коэффициенті кемінде **1,8 болып белгіленсін**;

5.15. Еңбекке ақы төлеудің белгіленген шарттары ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардағы еңбегі өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау нәтижелерімен расталған жұмыскерлерге беріледі.

VI. САЛАЛЫҚ БІЛІКТІЛІК ШЕҢБЕРІН БЕКІТУ ТӘРТІБІ

6.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Салалық комиссия саладағы салалық біліктілік шеңберін (бұдан әрі - СБШ) қарайды және бекітеді.

6.2. СБШ Біліктіліктің 8 (сегіз) деңгейінен тұратын ұлттық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - ҰБШ) негізінде әзірленеді.

6.3. СБШ қызметкерлердің құзыреттеріне, іскерліктеріне, дағдылары мен біліміне қойылатын талаптарды үздіксіздік, сабақтастық және дәйекті арттыру қағидаттарына сәйкес әзірленеді (біліктілік деңгейінің ұлғаю дәрежесі бойынша кәсіби қызмет саласына және еңбек қызметінің түріне қарай).

6.4. СБШ ұлттық шеңбердің құрылымына сәйкес ресімделген рамалық конструкция болып табылады. СБШ Орындалатын жұмыстардың күрделілігіне және пайдаланылатын білімнің, машықтың және құзыреттің сипатына қарай деңгейлер бойынша салада маманның біліктілігіне қойылатын талаптарды сыныптайды. СБШ кәсіби және жеке құзыреттерге, Білімге, икемділікке және дағдыларға қойылатын талаптардың егжей-тегжейлі құрылымдық сипаттамасын қамтиды.

6.5. Әзірлеуші СБШ-ны Салалық комиссия бекіткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде тиісті қызмет саласының мемлекеттік органына СБШ-ның бір данасын мемлекеттік және орыс тілдерінде қағаз және электрондық жеткізгіштерде жібереді.

VII. ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІН ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ӨНДІРІСТІК КЕҢЕСТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТӘРТІБІ

7.1. Келісім Тараптары сала ұйымдарында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы саясаттың басты бағыты ретінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауды басымдық деп таниды және өздеріне мынадай міндеттемелер алады.

Министрлік карантиндік сипаттағы шектеу шараларын енгізу кезеңінде күшейтілген санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормаларды сақтау бойынша жұмыс берушілер шығыстарының 50 пайызын мемлекеттік бюджеттен субсидиялауды (өтеуді) қамтамасыз етуге жәрдемдеседі және қолдайды;

7.2. Жұмыс берушілер:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге және осы Келісімге сәйкес қызметкерлердің қауіпсіз жағдайлары мен еңбегінің қорғалуын қамтамасыз етеді;

2) жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына зиян келтірудің кез келген тәуекелдерін болғызбау жөнінде шараларды келесілер:

- еңбекті қорғауды басқару жүйесін құру және оның жұмыс істеуі;

- еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйі мен жағдайларына ішкі бақылауды ұйымдастыру;

- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің қызметі үшін жағдайлар жасау арқылы қабылдайды;

3) жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша оқытуды, оларға нұсқама беруді, білімдерін тексеруді жүргізеді, сондай-ақ өз қаражаты есебінен өндірістік процесс пен жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі құжаттармен қамтамасыз етеді;

